

## Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Қостанай облысы Федоров ауданы Федоров ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 16 қазандағы № 128 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 19 қазанда № 8065 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Федоров ауданы Федоров ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 1 ақпандағы № 16 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Федоров ауданы Федоров ауылдық округі әкімінің 01.02.2019 № 16 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына, "Ветеринария туралы" 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-1-бабы 7) тармақшасына сәйкес, "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Федоров аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитарлық инспекторының 2018 жылғы 20 қыркүйектегі № 01-19/438 ұсынысы негізінде, Федоров ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қостанай облысы Федоров ауданы Федоров ауылдық округі Затышенка ауылында орналасқан Василий Емельянович Бубликтің шаруа қожалығы аумағындағы ірі қара мал құтыруының эпизоотиялық ошағына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Федоров аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша), "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Қоғамдық денсаулық сақтау комитетінің Қостанай облысы Қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің Федоров аудандық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша), "Федоров ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) анықталған эпизоотиялық ошақта ветеринариялық-санитариялық қолайлы жағдайға қол жеткізуге қажетті ветеринариялық-санитариялық іс-шараларды өткізу ұсынылсын.

3. "Федоров ауданы Федоров ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін " Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін жіберілуін;

3) осы шешім ресми жарияланғаннан кейін Федоров ауданы әкімдігінің ресми интернет-ресурсына орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Федоров ауылдық округінің әкімі*

*Б. Умертаев*

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі  
Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Федоров аудандық аумақтық инспекциясы"  
мемлекеттік мекемесінің басшысы

\_\_\_\_\_ М.Б. Нуркин

"16" қазан 2018 жыл

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрлігі  
Қоғамдық денсаулық сақтау комитетінің Қостанай облысы  
Қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің Федоров аудандық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесінің басшысы

\_\_\_\_\_ Е.К. Джагалтаев

"16" қазан 2018 жыл

"КЕЛІСІЛДІ"

"Федоров ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі" мемлекеттік

мекемесінің басшысы

\_\_\_\_\_ У.А. Успанов

"16" қазан 2018 жыл

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ